

## Тіркелген салықтың ставкаларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Глубокое аудандық мәслихатының 2009 жылғы 18 ақпандағы N 14/5- IV шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Глубокое аудандық Әділет басқармасында 2009 жылғы 16 наурызда № 5-9-101 тіркелді. Күші жойылды - Глубокое аудандық мәслихатының 2012 жылғы 27 маусымдағы N 6/10- V шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Глубокое аудандық мәслихатының 2012.06.27 N 6/10- V шешімімен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 422 бабын және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6 бабын басшылыққа алып, Глубокое аудандық мәслихаты

**Ш Е Ш Т І :**

1. Қоса беріліп отырған Глубокое ауданының аумағындағы тіркелген салықтың базалық ставкаларының мөлшері белгіленсін.

2. Күштері жойылды деп танылсын:

Глубокое аудандық мәслихатының «Тіркелген жиынтық салықтың ставкалары туралы» 2006 жылғы 13 желтоқсандағы № 25/13-III шешімі, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Реестрінде № 5-9-55 болып тіркелген.

Глубокое аудандық мәслихатының «Тіркелген жиынтық салықтың ставкалары туралы» 2006 жылғы 13 желтоқсандағы № 25/13-III шешіміне өзгерістер енгізу туралы» 2007 жылғы 24 шілдедегі № 29/6-III шешімі, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Реестрінде № 5-9-69 болып тіркелген.

3. Осы шешім қолданысқа ресми жарияланғаннан кейін он күннен соң енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*М. Ағзамов*

*мәслихатының хатшысы*

*Г л у б о к о е  
А. Брагинец*

*а у д а н д ы қ*

**Глубокое ауданы аумағындағы тіркелген салықтың базалық  
ставкаларының мөлшері\***

№ р/н	Салық салу объектісінің атауы	Тіркелген жиынтық салықтың (айлық есептік көрсеткіштерімен) базалық ставкаларының мөлшері
1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ақшасыз ұтыс ойын автоматы	1
2	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған, ақшасыз ұтыс ойын автоматы	1
3	Ойын өткізу үшін пайдаланатын жеке компьютер	1
4	Ойын жолы	5
5	Карт	2
6	Бильярд үстелі	3

**\* тіркелген салықтың базалық ставкаларының мөлшері салық салу объектісінің бір бірлігіне бір айға белгіленсін**